

**"Сот приставтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 1107 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Сот приставтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К.Мәсімов*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы «Сот приставтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы**

**1-бап.** «Сот приставтары туралы» 1997 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 201-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат, № 20, 152-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат, № 7, 28-құжат) мына өзгерістер енгізілсін:

1 ) 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жоғарғы Соттың, жергілікті және өзге соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Жоғарғы Соттағы, облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелерде (соттар кеңселерінде) (бұдан әрі - аумақтық бөлімшелер) сот приставтарының бөлімшелерін құрады.»;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жоғарғы Сотта және аумақтық бөлімшелерде сот приставтарының қызметіне ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылықты уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.»;

3 - т а р м а қ                      а л ы п                      т а с т а л с ы н ;

4 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Аумақтық бөлімшелерде сот приставтарын тиісті аумақтық бөлімшелердің басшылары қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.»;

екінші бөліктегі «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы» деген

сөздер «уәкілетті органның басшысы» деген сөздермен ауыстырылсын;  
5 - т а р м а қ т а :  
«тиісінше» деген сөз алып тасталсын;  
«және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы» деген сөздер алып  
т а с т а л с ы н ;

2 ) 8 - б а п т а :  
5-тармақтың бірінші бөлігінде:  
«аумақтық бөлімнің басшысына хабарлауға міндетті, аумақтық бөлім басшысы  
осындай жағдайлар жөнінде» деген сөздер «тиісті» деген сөзбен ауыстырылсын;  
«органның» деген сөз «бөлімшенің» деген сөзбен ауыстырылсын;  
«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Аппаратының» деген сөздер «уәкілетті  
органның» деген сөздермен ауыстырылсын;

6 - т а р м а қ т а :  
«тиісінше» деген сөз алып тасталсын;  
«және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына» деген сөздер алып тасталсын;  
3) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«12-бап. Сот приставтарының қызметін бақылау

1. Жоғарғы Соттағы және аумақтық бөлімшелердегі сот приставтарының қызметін  
бақылауды уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган сот приставтарының қызметін бақылауды жүзеге асыру кезінде  
Жоғарғы Соттағы және аумақтық бөлімшелердегі сот приставтары қызметінің  
ұйымдастырылуына тексеру жүргізеді.».

**2-бап.** Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*